

Кентау қаласының білім бөлімінің
ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы.

Бұйрық №267 н/қ

Кентау қаласы

31 тамыз 2026 ж

«Педагогикалық әдеп
кеңесін құру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдың 26 тамыздағы №2-093/3156 И хатын, 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16 бабын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, білім беру ұйымдарында парасаттылық мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ қызмет әдеп нормаларын сақтау және заңнама бұзушылықтарының алдын алу мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың 11 мамырындағы №190 бұйрығының 2 қосымшасы негізінде ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасында төмендегі құрамда педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын;

1. Мусбаева Б.Н. – меңгеруші, Кеңес төрайымы
2. Акжигитова А. – педагог-психолог, Кеңес мүшесі
3. Қалдыбек Ж.М. – әдіскер, Кеңес мүшесі
4. Бейсембаева Р.К. – Ер Төстік балабақшасының меңгерушісі, Кеңес мүшесі
5. Дүйсенбаева Б. – зейнеткер ұстаз, Кеңес мүшесі
6. Тульмурзаева Г.Н. – тәрбиеші, Кеңес хатшысы

2. Педагогикалық әдеп кеңесі өз жұмысын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, педагогикалық әдеп қағидаларына және балабақшаның ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес ұйымдастырсын.

3. Педагогикалық әдеп кеңесінің негізгі міндеттері ретінде:

- Педагогикалық әдеп қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;
- Педагогтердің кәсіби мінез-құлқына байланысты мәселелерді қарау;
- Тәрбиеленушілердің құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуді қамтамасыз ету;
- ата-аналармен және заңды өкілдермен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынасты қалыптастыру;
- педагогтер арасындағы өзара әдептілік пен кәсіби қарым-қатынасты нығайту;
- педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу;

- педагогтерге педагогикалық әдеп мәселелері бойынша түсіндіру және кеңес беру жұмыстарын жүргізу;
- ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру белгіленсін.

4. Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымына :

- кеңес отырыстарын ұйымдастыру;
- күн тәртібін бекіту;
- қаралатын мәселелер бойынша тиісті жұмыстарды үйлестіру;
- қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау міндеттелсін.

5. Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысына :

- кеңес отырыстарының хаттамаларын жүргізу;
- қажетті құжаттарды рәсімдеу;
- кеңес шешімдерін тіркеу және сақтау;
- кеңес жұмысына қатысты құжаттарды жүйелеу міндеттелсін.

6. Педагогикалық әдеп кеңесі 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеп, бекітуге ұсынсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Балабақшаменгерушісі:



Мұрабаева Д.Н

Бұйрықпен танысқан:

Бейсенбаева А. К
(Т.А.Ә)

Т.А.
(қолы)

31.08.2026 ж
(күні)

Қыдырбек Н. М
(Т.А.Ә)

Н.М.
(қолы)

31.08.2026 ж
(күні)

Дүйсенбаева Б
(Т.А.Ә)

Б.Д.
(қолы)

31.08.2026 ж
(күні)

Ақшиғитова А. Б
(Т.А.Ә)

А.Б.
(қолы)

31.08.2026 ж
(күні)

Түмелмурзаева Г. Н
(Т.А.Ә)

Г.Н.
(қолы)

31.08.2026 ж
(күні)

**ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай
балабақшасының педагогикалық әдеп кеңесі отырысының жұмыс
жоспары
2026-2027 оқу жылы**

Жалпы мақсаттары:

- Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау және бұзушылықтардың алдын алу;
- Педагогтің қоғамдағы абыройын көтеру;
- Әдепке сай мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;
- Тәртіптік жағдайларды талқылау және шешім қабылдау.

№	Өткізу уақыты	Отырыс тақырыбы	Мазмұны / Мақсаты	Жауапты
1	ҚЫРКҮЙЕК 2026	Кеңес құрамын бекіту және жылдық жоспарды талқылау	Кеңес мүшелерін таныстыру, жоспар бекіту	Кеңес төрайымы
2	ҚАЗАН 2026	Педагогтің этикалық келбеті мен сөйлеу мәдениеті	Әдеп нормаларын таныту, кәсіби этиканы қалыптастыру	Әдіскер
3	ҚАРАША 2026	Балалармен және ата-аналармен қарым-қатынастағы әдеп	Түсіндіру жұмыстары, нақты жағдайларды мысал ету	Кеңес мүшелері
4	ЖЕЛТОҚСАН 2026	Ішкі ұжымдық қатынаста әдеп сақтау	Әріптестер арасындағы қарым-қатынас мәдениетін нығайту	Кеңесхатшысы
5	ҚАҢТАР 2027	Әдеп нормаларының сақталуын ішкі бақылау	Мониторинг, сауалнама, әдеп бұзушылықтардың алдын алу	Әдіскер, меңгеруші
6	АҚПАН 2027	Педагогтің әлеуметтік желідегі мәдени келбеті	Онлайн мінез-құлық әдебі және этикалық нормалар	Кеңес төрайымы
7	НАУРЫЗ 2027	Конфликті жағдайларды шешу жолдары	Дағдарыс жағдайларын әдеппен шешу тәжірибесі	Психолог
8	СӘУІР 2027	Құпиялық сақтау және ақпараттық әдеп	Балалар мен ата-аналарға қатысты мәліметтерді жарияламау	Заңгер, хатшы
9	МАМЫР 2027	Жыл қорытындысы. Кеңес жұмысына талдау	Жыл бойғы жұмыс есебі, ұсыныстар	Кеңес төрайымы

Қосымша жұмыстар:

- Әдеп бұзушылық болған жағдайда жоспардан тыс отырыстар өткізу;
- Педагогтер мен әдептік тренингтер, әңгімелесу, түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- Әдеп нормаларын бұзған қызметкерлерге ұсыныстар мен шешімдер шығару.

Қажетті құжаттар:

- Педагогикалық әдеп кеңесі құрамының бұйрығы
- Кеңес мүшелерінің тізімі
- Әдеп кодексі (үлестірме)
- Хаттамалар, шешімдер, ұсынымдар кітабы

Түркістан облысы, Кентау қаласы
ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы

Кентау қаласы

Қатысқандар: 17

Күн тәртібінде

Тақырыбы: «Кеңес құрамын бекіту және 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау»

Өткізілген күні: «03» қыркүйек 2026 жыл

Өткізілген орны: ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-балабақшасы

Қатысқандар: Әдеп кеңесінің мүшелері, балабақша қызметкерлері

Әдеп кеңесінің төрайымы: Мусабаева Б.Н.

Әдеп кеңесінің хатшысы: Тульмурзаева Г.Н.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған Әдеп кеңесінің құрамын бекіту.
2. 2026-2027 оқу жылына арналған Әдеп кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
3. Балабақша қызметкерлерінің кәсіби әдеп нормаларын сақтау және ұжымдағы өзара қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Әдеп кеңесінің төрайымы Мусабаева Б.Н. сөз алып, жаңа 2026–2027 оқу жылында Әдеп кеңесінің жұмысын жүйелі ұйымдастыру қажеттігін атап өтті.

Әдеп кеңесінің негізгі мақсаты – балабақша қызметкерлерінің кәсіби әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, қызметтік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, тәрбиеленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу, ата-аналармен және әріптестермен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынасты нығайту екендігі айтылды.

Осыған байланысты 2026–2027 оқу жылына Әдеп кеңесінің құрамын бекіту ұсынылды.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Әдеп кеңесінің хатшысы Тульмурзаева Гульнар 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын таныстырды.

Жоспарда педагогтер мен балабақша қызметкерлерінің кәсіби әдеп нормаларын сақтау, тәрбиеленушілермен қарым-қатынас мәдениеті, ата-аналармен тиімді байланыс орнату, ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру, қызметтік міндеттерді

жауапкершілікпен орындау және әдеп нормаларының алдын алу бағытындағы жұмыстар қамтылғаны айтылды.

Жылдық жоспар бойынша Әдеп кеңесінің отырыстарын жүйелі өткізу, қажет болған жағдайда қызметкерлерге түсіндіру және кеңес беру жұмыстарын жүргізу ұсынылды.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫНДАЛДЫ:

Мусабаева Ботакөз Нуржановна балабақша қызметкерлерінің кәсіби әдепті сақтауы – тәрбиеленушілерге сапалы тәрбие мен білім берудің маңызды шарттарының бірі екенін атап өтті.

Педагогтер мен қызметкерлердің бір-біріне құрметпен қарауы, тәрбиеленушілермен ізгілікке негізделген қарым-қатынас жасауы, ата-аналармен сыпайы және мәдениетті байланыс орнатуы қажеттігі түсіндірілді.

Әдеп кеңесінің жұмысы тек мәселелерді қарастырумен шектелмей, олардың алдыналуға және ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыруға бағытталуы керектігі айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Қалдыбек Жанерке– Әдеп кеңесінің жылдық жоспары балабақша ұжымының кәсіби мәдениетін арттыруға бағытталуы қажет екенін айтты. Сонымен қатар қызметкерлерге әдеп нормаларын түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Досболова Гүлжахан– жаңа оқу жылында ұжым мүшелерінің өзара сыйластықта жұмыс істеуі, балаларға мейірімді және ізгі қарым-қатынас көрсетуі қажеттігін атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған Әдеп кеңесінің құрамы бекітілсін.
2. 2026–2027 оқу жылына арналған Әдеп кеңесінің жылдық жұмыс жоспары талқыланып, бекітілсін.
3. Балабақша қызметкерлері кәсіби әдеп нормаларын, қызметтік тәртіпті және өзара сыйластық қағидаларын сақтасын.
4. Тәрбиеленушілер мен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп, ізгілік, құрмет және бала құқығын сақтау қағидалары басшылыққа алынсын.
5. Ата-аналармен қарым-қатынаста сыпайылық, мәдениеттілік және кәсіби жауапкершілік талаптары сақталсын.
6. Ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру және қызметтік әдеп нормаларының бұзылуының алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
7. Әдеп кеңесінің отырыстары бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүйелі түрде өткізіліп отырсын.
8. Осы қаулының орындалуын бақылау Әдеп кеңесінің төрайымына жүктелсін.

Әдеп кеңесінің төрайымы:

Мусабаева Б.Н.

Әдеп кеңесінің хатшысы:

Тулмурзаева Г.Н.

